



Мұқағали Мақатаев
1931-1976

Өмірбаяны

Ол 1931 ж. 9-шы ақпанда [Алматы облысы](#), қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының [Қарасаз](#) ауылында дүниеге келген. Ақынның туған күні жөнінде екі түрлі ақпарат бар. Алайда, құжаттар бойынша ақынның туған күні [ақпанның 9-нда](#) тойланады. Екінші ақпарат: ақынның анасы Нағиман апа былай деген: «Мұқағалиым 1931 жылы наурыз айының 8-інде дүниеге келген болатын. Жаңылысуым мүмкін емес. Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқаннан біраз уақыт кейін [Наурыз тойы](#) болады, наурыз [көже](#) жасаймыз деп күтіп отырғанбыз.» Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты [Оразақын Асқар](#) ақынның екінші туған күніне байланысты мынадай сөз айтады: «Ал құжат бойынша Мұқағали 9 ақпанда дүниеге келген. Бұл куәлікті ақын ес білген кезде сол кездегі сайлау науқанына байланысты өзі жаздырып алған екен». Азан шақырып қойылған аты - Мұхаммедқали. Әкесі қарапайым шаруашы: колхозда сушы, шалғышы болып істеген. Мұқағали үйдің тұңғышы болған, оның артынан бір қыз және үш ұл туған. Ақынның қарындасы мен алғашқы інісі ерте көз жұмған. Соңғыларының есімдері - Тоқтарбай мен Көрпеш. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің алғашқы баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс, сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татиды («Менді өзің емес, айналып баста маған ма?»). Мұқағалидің әкесі



Мукағали Мақатаев атындағы халықаралық қоғамдық қор

Мукағали МАҚАТАЕВ




**ТЫ БЫТИЕ МНЕ
ПОСВЯТИ!**

84 (Б.Қ.А.)
М. 46

МАҚАТАЕВ


Аманат



Мукағали

Қазіргі поэзия шеберлері

Мукағали МАҚАТАЕВ



Махаббат сазы

Мукағали
Мақатаев



kitap

Өлеңдер жинағы

1





Мұқағали Мақатаев
1931-1976

Батар күн,
Келер күн,
Атар таң,
Шығар күн
Бәріңе, бәріңе,
бәріңе құмармын!
Осы мен,
Осылай мәңгілік тұрармын,
Өлмеймін,
сірә дә өлмейтін шығармын!



Алдында алуан-алуан
мінездердің,
Амалсыздан келеді мың
өзгергің.
Әркім өзін балайды
данышпанға,
Бір-бір құдай санайды бір
өздерін.
Мұқағали МАҚАТАЕВ

• Әмірлігі мәні бар •

Мұқағали Мақатаев туралы

Иә, Мұқағали – ғажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. Хан тәңірдің биік шоқтығындай болған Мұқағали аға! Жатқан жеріңнен, туған топырағыңнан тұрып, бір сәт болса да орал, арамызда бол!
(Сахнада Мұқағали образындағы оқушы шығады).



МҰҚАҒАЛИ: БҮГІН МЕНІҢ ТУҒАН КҮНІМ,
ОЙ, ПӘЛІ - АЙ!
МЫНА АДАМДАР НЕГЕ ЖАТЫР ТОЙЛАМАЙ?!
БАНКЕТ ЖАСАП БЕРЕ ЕДІМ ӨЗІМ - АҚ,
ТӘҢІРДІҢ БІР ЖАРЫТПАЙ - АҚ ҚОЙҒАНЫ - АЙ.
МЫНА ДҮНИЕ НЕГЕ ЖАТЫР ҮНДЕМЕЙ,
АЛАУЛАТЫП ТОЙДЫҢ ШОҒЫН ҮРЛЕМЕЙ.
ҚҰШАҚ - ҚҰШАҚ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ЛАҚТЫРЫП,
«МЫНАУ ШАПАҢ,
МЫНАУ АТЫҢ, МІН» ДЕМЕЙ.
МЫНАУ ЖҰРТҚА ЖАҚПАДЫ МА ӘЛДЕНЕМ?!
БЕКЕР ӨМІР СҮРГЕНІМ БЕ ӘЛДЕ МЕН?
ХАЛҚЫМ,
СЕНІҢ ҚАСИЕТІҢДІ БІЛЕМ ДЕП,
БОСҚА ӨМІРІМ ӨТТІ МЕ ЕКЕН ӘУРЕМЕН?!
АЙТАМЫН ДЕП ҚУАНЫШЫҢ, МҰҢЫҢДЫ,
БАСҚА АРНАҒА БҰРДЫМ БА ӘЛДЕ ЖЫРЫМДЫ?!
МЕН БӘРІБІР ӨЗІҢ МЕНЕН БІР БОЛАМ,
ӨЗЕГІҢНЕН ТЕПСЕҢ ДАҒЫ ҰЛЫҢДЫ.
(ОҚУШЫ САХНАДАН КЕТЕДІ).

Мұқазали ағамыз жұлбайымен





***М. Мақатаевтың жары
Лашын Әзімжановамен***



М. Мақатаев отбасымен



М. Мақатаевтың інісі Тоқтарбай Мақатаев